

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :02.09.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің балабақшам.

**Мақсаты:** балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** білімпаздыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.

**Қолданады:** сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді.

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :03.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Балабақша бөлмелері.

**Мақсаты:** балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету .

**Білімділік міндеті:** балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды, сөздерді.

**Қолданады:** балабақша бөлмелерін атайды, қарапайым сұраққа жауап береді.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :09.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Біздің топ.

**Мақсаты:** топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. **Білімділік міндеті:** не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** топтағы заттарды атайды, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсініп, жауап береді.

**Қолданады:** шағын мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап береді.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :10.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Біз балабақшада не істейміз?

**Мақсаты:** балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

**Білімділік міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді атайды, сөйлемдерді құрастырады, тақпақ жаттайды, қайталайды.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** шағын мәтіндер құрайды, сұрақтарға жауап беледі.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :16.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Балабақша қызметкерлері.

**Мақсаты:** балабақша қызметкерлерінің лауазым атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету. **Білімділік міндеті:** балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.

**Түсінеді:** адамгершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді.

**Қолданады:** балабақша қызметкерлерімен қазақша амандасады, қарапайым сұраққа жауап береді.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :17.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым.

**Мақсаты:** тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.

**Білімділік міндеті:** балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.

Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ойыншықтарды атап, қазақша дыбыстарды дұрыс айтады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, жауап береді.

**Қолданады:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрайды.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :23.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым.

**Мақсаты:** ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогке қатысуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** ойыншықтарды сипаттау, сөздерді байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ойыншықтарды, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, жауап береді.

**Қолданады:** ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрайды.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :24.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Алтын күз.

**Мақсаты:** игерген сөздерін қолданып, шағын мәтін құру дағдыларын дамыту.

**Білімділік міндеті:** күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету.

Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** күз мезгілі, күз айларын, шағын мәтінді, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** күз мезгілінің ерекшелігін.

**Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап береді.

**Алдын ала орындалатын жұмыстар:** балалармен серуен кезінде бақылау жүргізуге қатысу. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** күз айлары – осенние месяцы, қыргүйек – сентябрь, қазан – октябрь, қараша – ноябрь, алтын күз – золотая осень, бұлт – облако.



## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :30.09. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Көгөністер.

**Мақсаты:** жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру. **Білімділік міндеті:** тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. **Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** көгөністердің қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды.

**Түсінеді:** көгөністер бақшада өседі.

**Қолданады:** тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, себет, түрлі түсті жапырақтар, табак, көгөніс-муляждары, демонстрациялық материалдар, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар.

**Билингвалды компонент:** көгөністер – овощи, бақша – огород, қызылша – свекла, орамжапырақ – капуста, дәмді – вкусный, пайдалы – полезно.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :01.10. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жемістер

**Мақсаты:** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету.

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды.

Диалогке қатысады.

**Түсінеді:** сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.

**Қолданады:** жемістердің атауларын қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен

Арман,қоржын ,жемістер мен көгөністер муляждары, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** жемістер – фрукты, өрік – абрикос, анар – гранат, құрма – хурма, шабдалы – персик.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :07.10. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жидектер.

**Мақсаты:** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, екі себет, көгөністер, жемістер мен жидектер муляждары, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** жидектер – ягоды, қарақат – смородина, құлпынай – клубника, таңқурай – малина.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :08.10. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық.

**Мақсаты:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.

**Білімділік міндеті:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі.

**Түсінеді:** ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қима суреттер, жұмыс дәптері. **Билингвалды компонент:** ойна – играть, ойлан – думай.

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :14.10. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:**Неше? Санау.

**Мақсаты:** сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру. .

**Білімділік міндеті:** санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер

«Ойыншықтар», қима материалдар, бірден онға дейін сандар, асықтар, жұмыс дәптері, қарындаш, айна.

**Билингвалды компонент:** сан – счет, санамақ – считалка, санау – считать, қанша? неше? – сколько?, алты – шесть, жеті – семь, сегіз – восемь, тоғыз – девять, он – десять.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі себетпен кіреді. – Сәлеметсіңдер ме! Біз сендермен ойын ойнауға келдік.

Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Жемістер, көгөністер, жидектерді үш себетке бөліп салу, атау, сипаттау.

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударарды.

Фрукты – ... (жемістер).

Овоци – ... (көгөністер).

Ягоды – ... (жидектер).

#### 2. Негізгі кезең

Постердің көмегімен ойыншықтарды санау.  
Бір ит, екі мысық, үш доп, төрт аю, бес ұшақ. Дидактикалық ойын:  
«Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :15.10. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Апта күндері.

**Мақсаты:** педагогті тыңдау арқылы есте сақтау мен зейінін жетілдіру.

**Білімділік міндеті:** апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа

тәрбиелеу **Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** апта күндерінің қазақша айтады.

**Түсінеді:** қойылған сұрақты түсінеді.

**Қолданады:** апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Апта күндері» постері, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, постер, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** апта күндері – дни недели, дүйсенбі – понедельник, сейсенбі – вторник, сәрсенбі – среда, бейсенбі – четверг, жұма – пятница, сенбі – суббота, жексенбі – воскресенье.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :21.10. 2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің отбасым

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды.

**Түсінеді:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді.

**Қолданады:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, отбасымен түскен суреттер, фотоальбом, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна, қарындаш.

**Билингвалды компонент:** аға – старший брат, іні – младший брат, әпке – старшая сестра, сіңлі, қарындас – младшая сестра.



**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы даярлық топ**

**Күні :22.10. 2021**

**Пән .Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Ғажайып алаң.

**Мақсаты:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.

**Білімділік міндеті:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді.

**Қолданады:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ғажайып барабан, отбасымен түскен суреттер, фотоальбом, қима материалдар, жұмыс дәптері, қарындаш. **Билингвалды компонент:** отбасы – семья, тату тұрамыз – живем дружно, атамның аты – дедушку зовут, әжемнің аты – бабушку зовут, ғажайып алаң – поле чудес.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы даярлық топ

Күні :28.10.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Мен және менің достарым.

**Мақсаты:** тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру. **Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру **Тәрбиелік міндеті:** достыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Сөйлемдер құрастырады.

**Түсінеді:** дос, тату, достар сөздерін түсінеді.

**Қолданады:** өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, қарындаштар, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздің достарымыз – наши друзья.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :29.10.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы.

**Мақсаты:** әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету.

**Білімділік міндеті:** мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын байыту, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Тәрбиелік міндеті:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материалдар, мамандықтар (слайд), жұмыс дәптер, қарындаштар, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** кім болып істейді? – кем работает?, ұшқыш – летчик, ғарышкер – космонавт, құрылысшы – строитель, сатушы – продавец, дәрігер – врач, ұшады – летает, емдейді – лечит, салады – строит, сатады – продает.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :11.11.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жақсы өнеге.

**Мақсаты:** қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. **Білімділік міндеті:** сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** балаларды сыпайылыққа, инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

**Жасайды:** сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.

**Қолданады:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді, жай сөйлеммен жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жұмсақ ойыншықтар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** жақсы өнеге – хорошие манеры, әдепті – воспитанный, рақмет – спасибо, кешіріңіз – извините, өтінемін – пожалуйста.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :12.11.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің пәтерім (үйім)

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

Артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** өз үйіне деген жылы сезімдерін арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, сөйлем құрастырады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, дұрыс толық жауап береді.

**Қолданады:** сөздерді дұрыс қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO, интербелсенді тақта, қима материал, жұмыс дәптері, фишкалар. **Билингвалды компонент:** пәтер – квартира, бөлме – комната, қонақ бөлме – гостиная, дәліз – коридор, асүй – кухня.

### ҰОҚ барысы

#### 1.Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен

Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Жыл мезгілін, апта күнін сұрақтар арқылы анықтау.

Өткен «Жақсы өнеге» тақырыбын қайталау. Ойын: «Ғажайып сөздер».

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

*Ойын «Сұрақ-жауап»*

- Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.) –Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады) –Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады).
- Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішкентай үйде тұрамын). –Үйдің нөмірі қандай?

Педагог екі баланы шақырып, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO-ны пайдаланып, бірқабатты немесе көпқабатты үй тұрғызуға тапсырма береді.

- Мынау қандай үй?

- Мынау – көпқабатты үй.
- Мынау бірқабатты үй.
- Кім көпқабатты үйде тұрады?
- Сен нешінші қабатта тұрасың?

Бірнеше бала жауап береді.

- Көпқабатты үйде пәтерлер бар.

Сурет бойынша жұмыс.

- Мынау – пәтер. Мынау не?
- Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді).
- Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме.
- Сенің пәтерінде (үйінде) неше бөлме бар?

Бөлмелерді санайды.

Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй ) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту.

- Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім).
- Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар).
- Мынау қандай бөлме?
- Мынау – асүй. Мынау – ...
- Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...) **Сергіту сәті**

Дөңгелене  
тұрайық,  
Керегені  
құрайық. Уық  
болып иіліп,  
Шаңыраққа киіліп,

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :18.11.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің бөлмем

**Мақсаты:** Шағын мәтін құруға жаттықтыру.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, шағын мәтін құрастырады.

**Түсінеді:** сөйлемдердің дұрыс, қателігін түсінеді.

**Қолданады:** меңгерген сөздерін қолданып, сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, мнемо кесте, интербелсенді тақта, қима материал, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** балалар бөлмесі – детская комната, ойыншықтар – игрушки, шам – лампа, перде – шторы, кітаптар – книги.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

**Ойын:** «Қандай сөз артық?». Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2. Негізгі кезең

**Ойын жаттығуы:** «Сен қайда тұрасың?».

Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.

– Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?

Педагог балалармен бірге мнемо кестедегі символдар нені білдіретінін талқылайды.

– Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын.

- Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме?
- Сенің пәтеріңде (үйіңде) қандай бөлме бар?

Суретпен жұмыс.

- Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме?
- Мынау – балалар бөлмесі. Бірнеше бала жауап береді.
- Бөлмеде нелер бар? Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем, кереует, үстел, орындық бар. Бөлмеде ойыншықтар бар. – Бөлме қандай? (әдемі, жарық)
- Терезеде перде бар. Перде әдемі.
- Мынау не? (Перде сөзін жеке, хормен қайталайды).
- Бөлмеде шам бар. Мынау шам. Шам үстелдің үстінде тұр.
- Шам қайда тұр?
- Бөлмеде кітаптар бар. Кі-тап-тар.
- Сенің бөлмең бар ма? Бөлмеңде не бар?

Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді.

Сәуле өзінің бөлмесі туралы айтады: *Менің бөлмем үлкен, жарық, таза.*

*Бөлмемде кереует, үстел, орындық бар. Ойыншықтар бар. Мен бөлмемде ойнаймын. Ойыншықты жинаймын.* Балалар үлгі бойынша мәтін құрайды.

**Сергіту сәті**

Дөңгелене  
тұрайық,  
Керегені  
құрайық. Уық  
болып иіліп,  
Шаңыраққа  
киіліп, Киіз  
үйді құрайық.



## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :19.11.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің Отаным.

**Мақсаты:** Отан туралы түсініктерін кеңейту.

**Білімділік міндеті:** педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, тақпақ, мәтін қайталайды.

**Түсінеді:** жаңа сөздер және қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** сөйлем құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер, слайд: «Менің Отаным», суретті сөздіктер, қима материалдар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** менің Отаным – моя Родина, тәуелсіз – независимый, мемлекет – государство.

### ҰОҚ барысы

#### 1.Ұйымдастыру кезеңі

#### Шаттық шеңбер

Жоғары  
қараймыз,  
Шаңырақты  
көреміз.  
Төмен  
қараймыз,  
Жерді  
көреміз.  
Оңға бұрылып, солға  
бұрылып, Егеменді елді  
көреміз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Өткен тақырыпты қайталайды. Ойын «Кім көп біледі?» қойылған сұраққа толық жауап беру. Сенің бөлмеңде не бар? Мысалы, Менің бөлмеңде ойыншықтар, ертегі кітап, кереует, үстел, орындық бар. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

## **2.Негізгі кезең**

Слайд: «Менің Отаным». **Жаңа сөздермен таныстыру:** менің Отаным, тәуелсіз, мемлекет.

Менің Отаным - ме-нің О-таным. Тәуелсіз - ә-ә -ә – тә-уелсіз – тәуелсіз Мемлекет – мемлекет, мемлекет.

Педагог балалармен суреттер арқылы сөздерден сөйлем, шағын мәтін құрау.

*Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымыздың бас қаласы – Нұрсұлтан. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстан мемлекетінің Президенті бар. Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.* (Балалар сөйлемдерді, мәтінді қайталайды).

Дидактикалық ойын: «Аудармашы».

Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударды.

Моя Родина – Менің Отаным.

Независимый – тәуелсіз.

Государство – мемлекет.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :26.11.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Ту.

**Мақсаты:** Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** Мемлекеттік Туды сипаттайды, тақпақты қайталайды.

**Түсінеді:** сөздерді, сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер, суретті сөздіктер, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** Мемлекеттік Рәміздер – Государственные Символы, гимн – гимн, ту – флаг, қыран – орел, ою – орнамент, күн шуақтары – лучи солнца.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :02.12.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Мемлекеттік Рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба.

**Мақсаты:** Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. **Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттайды, тақпақты жаттайды.

**Түсінеді:** тақпақтың мағынасын, сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, постер, суретті сөздіктер, қима материалдар, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** елтаңба – герб, қанатты пырақ – қрылатый конь, жұлдыз – звезда, күн сәулесіндей – как луч солнца, шаңырақты айнала – вокруг шанырака.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :03.12.2021

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан.

**Мақсаты:** Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру. **Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, тақпақты жаттайды, сөздерді жекеше және көпше түрде айтады.

**Түсінеді:** Нұр-Сұлтан – астана екенін.

**Қолданады:** астананы атай алады, көрікті орындарын біледі, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд: Нұр-Сұлтанның көрікті орындары, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** астана – столица, әдемі – красивый, таза – чистый, жаңа – новый, көше – улица, биік – высокий, ескерткіш – памятник.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :09.12.

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** 1.Әсем қала – Алматы.

**Мақсаты:** Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** таныс сөздерді естеріне түсіреді, жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдер дұрыс құрастырады.

**Түсінеді:** Алматының үлкен, әсем қала екенін түсінеді.

**Қолданады:** Алматының көрікті орындарын көрсетіп атай алады,

сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:**

қуыршақтар – Сәуле мен Арман, интербелсенді тақта, Алматының көрікті орындарының суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** қала – город, әсем – красивый, саябақ – парк, метро – метро, мұзайдын – каток.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :09.12.

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** 2.Әсем қала – Алматы.

**Мақсаты:** Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** таныс сөздерді естеріне түсіреді, жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдер дұрыс құрастырады.

**Түсінеді:** Алматының үлкен, әсем қала екенін түсінеді.

**Қолданады:** Алматының көрікті орындарын көрсетіп атай алады,

сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:**

қуыршақтар – Сәуле мен Арман, интербелсенді тақта, Алматының көрікті орындарының суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** қала – город, әсем – красивый, саябақ – парк, метро – метро, мұзайдын – каток.

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :23.12

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Қыс қызығы.

**Мақсаты:** шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру.

**Білімділік міндеті:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** қоршаған ортаны бақылату, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, қарапайым диалогке қатыса алады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** шағын мәтіндер қайталайды, сұрақтарға толық жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қыс мезгілі туралы слайд (интербелсенді тақтада), постер, қима материалдар, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** қыс – зима, қыс қызығы – зимние забавы, қар – снег, аққала – снеговик, сырғанақ – каток, шана – сани, коньки – коньки, сүңгі – сосулька.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыр

у кезеңі Шаттық

шеңбер

– *Шеңберге тұрып, достарымызбен қол ұстасайық.  
Барлығымыз жақсы көңіл күйде бір-бірімізге тілегімізді  
айтайық!*

Қол алысып, кәне, біз,  
Достасайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрыңдар шеңберге.  
Қандай жақсы бір тұру,  
Қандай жақсы дос болу!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.



– Сәлеметсіздер ме?!

*Өткен «Әсем қала – Алматы» тақырыпты қайталау.*

Ойын: «Алтын сақа». Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады.

- Алматы – әсем қала.
- Алматыда метро бар.
- Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі.
- Алматыда Медеу мұзайдыны бар.
- Алматыда Көктөбе бар.

## 2. Негізгі кезең

**Жаңа сөздермен таныстыру.** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңа сөздермен таныстыру.

Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?

Жыл мезгілі – қыс.

Мынау не?

Мынау – қар.

Ақ-ақ – ақ қар.

– Қардан не жасаймыз?

– Аққала жасаймыз.

– Мынау – сырғанақ. –Мынау не?

– Мынау – сырғанақ.

– Балалар сырғанап жүр. –Балалар не істеп жүр?

– Балалар сырғанап жүр.

– Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. –Немен сырғанап жүр?

– Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.

– Бұлар – қыс қызығы.

Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ-қ- қ - қа – қар.

Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ.

Педагог шағын әңгіме құрап айтады. *Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы.*

Балалар қайталайды.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :21.12.

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** «Қолғап» ертегісі.

**Мақсаты:** ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. **Дамытушылық міндеті:** есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ертегіні сахналайды.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді.

**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп айтады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Қолғап» ертегісі, қыс мезгілі туралы слайд (интербелсенді тақтада), ертегіні бейнелеген сурет, кейіпкерлердің бетперделері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** ертегі – сказка, қолғап – варежки, тышқан – мышь, бақа – лягушка.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

#### Шаттық шеңбер

Аспан болсын көгілдір,

Жайнай берсін  
бұл өмір. Ақ  
мамық қар  
жауып, Біз  
аққала  
жасаймыз.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша «Қыс қызығы» тақырыпты қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды?

Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.

Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып

береді.

- Ертегі ұнады ма?
- Ертегіде кімдер бар? –Мынау – қолғап.
- Мынау не? (Қолғап). – Бірінші кім келді? (Тышқан) – Тышқан қандай?
- Тышқан кішкентай. – Екінші? (Бақа) – Бақа не деді?
- Бақа не істейді?
- Тышқан не деді? –Соңғы кім келді? (Аю) – Барлығы неше болды? (6) –Аю қандай?
- Аю үлкен.

Аю қалай жүреді?

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :24.12

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** «Саяхатшы» ертегісі.

**Мақсаты:** ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** өз сөзін интонациямен жеткізе алады, ертегіні сахналайды.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.

**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлер (ойыншықтар), кейіпкерлердің басқа киетін бейнелері, жұмыс дәптері, фишкалар. **Билингвалды компонент:** саяхатшы – путешественник, сыйлық – подарок.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

ық шеңбер

Қайырлы таң, апай!  
Қайырлы таң, досым!  
Қайырлы күн болсын.  
Күннің әр кезі,  
Сәттілікке толсын!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

Сәлеметсіздер ме?!

Өткен тақырыпты қайталау, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады.

«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту.

Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2. Негізгі кезең

Арман: Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды. Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма?»

Құттықтап туған күніңмен,  
Берейін Қасқыр  
ағама», – деп Түлкі  
сары сәбізді  
Қасқырға сәндеп  
ұсынды.  
Ол суға оны ағызды,  
«Қайтем, – деп, –  
былғап тісімді». Судан  
Мысық тауып ап,  
Тастауға оны қимады.  
Түлкінің туған күнінде  
Сәбізді оған сыйлады.  
«Қайтем – деп, – мұны», –  
таңданды, Мысыққа Түлкі  
шамданды.  
Лақтырған Түлкі  
сәбізді Қуанып Қоян  
тауып алды.

Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу:

1. Ертегі ұнады ма?
2. Ертегідегі кейіпкерлерін ата.
3. Қоян нені жоғалтты?
4. Сәбізді нелер тауып алады?

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :24.12

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жаңа Жыл құтты болсын!

**Мақсаты:** Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** мерекеге қатысты сөздерді қайталайды.

**Түсінеді:** жаңа жыл мерекесінің ерекшелігін түсінеді.

**Қолданады:** қойылған сұрақты түсінеді, жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, сандық , Сіқырлы қалам постері, қима суреттер, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, постер, айна, фишкалар. **Билингвалды компонент:** Аязата – Дед Мороз, Жаңа Жыл – Новый Год, Ақшақар – Снегурочка, сыйлықтар – подарки, шырша – елка.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі сандықпен кіреді.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Ойын ойнауға шақырады.

Өткен тақырыпты қайталау, «Саяхатшы» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады.

Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **2. Негізгі кезең**

**Жаңа сөздермен таныстыру.** Сіқырлы қалам постерімен жұмыс.

Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау.

Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз.

– Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. –

Суретте кімдерді көріп тұрсындар?

- Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.
- Мынау – Ақшақар. –Мынау кім?
- Мынау – Ақшақар.
- Мынау – сыйлықтар. –Мынау нелер?
- Мынау – сыйлықтар.
- Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. –Ақшақар балаларға не таратып жатыр?
- Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.
- Мынау – Аязата. –Мынау кім?
- Мынау – Аязата.
- Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. –Аязата не істеп отыр?
- Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр.
- Балалар көңілді. Мерекеді ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. –Балалардың көңіл күйлері қандай?
- Балалар көңілді. Мерекеді ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.
- Мынау – шырша. –Мынау не?
- Мынау – шырша.

Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар не істейді?

Балалар шыршаны айналып ән айтады.

Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздерді жеке, хормен қайталау. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық.

Педагог шағын мәтінкұрап айтады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалар мерекеді ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.

Балалар мәтінді қайталайды.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :20.01.2022

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Қысқы орманға саяхат

**Мақсаты:** ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғатты сүйеуге, қорғауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** сөздерді дұрыс айтады, сөйлемдер құрастырады.

**Түсінеді:** сұрақтарды, жаңа сөздерді түсінеді.

**Қолданады:** сұраққа жауап бергенде өздері білетін сөздерді қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрационный материал немесе «Қысқы орман» слайды, интербелсенді тақта, қима материал, үнтаспа, жұмыс дәптері, фишкалар. **Билингвалды компонент:** орман – лес, тоқылдақ – дятел, құстар – птицы.

### ҰОҚ барысы

#### 1.Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Жаңа жыл құтты болсын!» тақырыпты қайталау. Ойын «Аудармашы».

Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударды.

Аязата – Дед Мороз, Жаңа Жыл – Новый Год, Ақшақар – Снегурочка, сыйлықтар – подарки, шырша – елка.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

Ойын: «Қысқы орманға саяхат». Слайд «Қысқы орман».

Қазақстан орманында қандай жануарлар бар? Балалар жануарларды атайды.

Балалар көздерін жұмып орманда елестетеді. Үнтаспадан орман дыбысы естіледі. –Балалар, орманда не көрдіңдер?



Өз ойларын айтады.

- Мен қоян көрдім. Мен түлкі көрдім. ...
- Мынау ненің дыбысы? (Үнтаспадан құстардың, тоқылдақтың дыбысы естіледі).
- Құстардың үні.
- Сендер қандай құстарды білесіңдер? (Торғай, қарға, сауысқан).

Суретпен жұмыс. Мынау – тоқылдақ.

- Мынау не?
- Мынау – тоқылдақ. Жеке, хормен айтып жаттығады.
- Тоқылдақ – орман құсы. –Тоқылдақ қандай құс?
- Тоқылдақ – орман құсы.
- Балалар, қыста орманда қандай жануарларды көрмейміз? (Аю, кірпі).
- Иә. Қысқы орманда аю, кірпі жоқ. Олар қыста ұйықтайды. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады) Қ-қ-қ -тоқ-тоқ – тоқылдақ  
- то-қыл-дақ.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :21.01

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Менің киімдерім

**Мақсаты:** киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру;

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету.

Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету. **Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде айтады.

**Түсінеді:** киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді.

**Қолданады:** дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материал, қуыршақ киімдері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** шұлық – носки, жемпір – вязаная кофта, жең – рукава, қысқа – короткий, ұзын – длинный.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбер**

Қол ұстасып,  
кәне, біз  
Достасайық  
бәріміз. Қандай  
жақсы бір тұрып,  
Достарменен бір  
жүру.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен  
Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Қысқы орманға саяхат» тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіреді. Педагог құстарды атайды, балалар олардың суреттерін тақтаға іледі. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2.Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).

- Көйлек неге артық?
- Көйлек – киім.
- Сендерде қандай киім бар?

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :27.01

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Қысқы киім.

**Мақсаты:** қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** киімді таза ұстауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** киімдердің қазақша атауларын, сөз тіркестерін айтады, тақпақ жаттайды.

**Түсінеді:** киімдердің атын, сынын білдіретін сөздерді түсінеді.

**Қолданады:** киімдерді атап, топтай алады, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материал, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** тон – шуба, күрте – куртка, қолғап – варежки, құлақшын – шапка (ушанка), етік – сапоги, жылы – теплый.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

##### Шаттық шеңбер

Қол ұстасып,  
кәне, біз  
Достасайық  
бәріміз. Қандай  
жақсы бір тұрып,  
Достарменен бір  
жүру.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.  
Амандасады.

Өткен «Менің киімдерім» тақырыпты қайталау.

Дидактикалық ойын: «Бұл кім?». Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады.

#### 2. Негізгі кезең

Педагог балаларға сұрақтар қояды: Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс). –Қыс қандай? (Қыс суық).

– Адамдар қыста жылы киім киеді.

Жылы, жы-лы. Жылы киім.

Қысқы киім жылы. Қысқы киім ...(жылы).

Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды.

Интербелсенді тақтада компьютерлік ойын:

«Қуыршақты киіндіру». –Қуыршақ не киді?

*Балалар ойын барысында қуыршаққа кигізген таныс киімдерді атайды. Педагог жаңа сөздермен таныстырады. Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады.*

– Қуыршақ күрте киді. –Қуыршақ не киді?

– Қуыршақ күрте киді

– Күрте жылы.

– Күрте қандай?

– Күрте жылы.

– Мынау – тон.

– Мынау не?

– Мынау – тон.

– Тон жылы.

– Тон қандай?

– Тон жылы.

– Қыста тон киеді. –Қыста не киеді?

– Қыста тон киеді.

– Мынау – қолғап. –Мынау не?

– Мынау – қолғап.

– Қолғап – қысқы киім.

– Мынау – құлақшын. –Мынау не?

– Мынау – құлақшын.

– Құлақшын жылы.

– Құлақшын қандай?

– Құлақшын жылы.

– Мынау – етік.–Мынау не?–Мынау – етік–Етік жылы.

– Етік қандай?

– Етік жылы.

Тон, күрте, қолғап, құлақшын, етік – қысқы киім. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап

Ұ-ұ-ұ-ұл-күл-кү-лақ-шын.

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :28.01

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** 1.Ұлттық киім.

**Мақсаты:** ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. **Дамытушылық міндеті:** зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ұлттық киімдерді, сөйлемдерді қайталайды.

**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық киімдері болатынын

**Қолданады:** тақпақты ынта қойып тыңдап, таныс сөздерді табады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, киіз үйдің макеті, демонстрациялық материалдар, ата және әже қуыршақтары, қима материал, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** қамзол – камзол, шапан – чапан, қалпақ – калпак, бөрік – борик, тақия – тюбетейка, мәсі – ичиги (обувь).

**ҰОҚ барысы**

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Шаттық шеңбері**

Достар, бері  
келіңдер,  
Қолдарыңды  
беріңдер. Шаттық  
толы шеңберге  
Қуанышпен еніңдер.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

- Сәлеметсіздер ме?!
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қазір қай ай?
- Бүгін аптаның қай күні?

Өткен «Қысқы киім» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Педагог қысқы киімдерінің суреттерін көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз

анықталады. **2.Негізгі кезең**

Педагог: Бүгін біз ата мен әжеге қонаққа барамыз.

Киіз үйдің макеті, ұлттық киімдер (немесе суреттер) қолданылады.

Ата және әже қуыршақтары.Сәлемдеседі.

– Ата не киген? (*Жейде, шалбар* сөздерін естеріне түсіреді).

Педагог ұлттық киімдер атауымен таныстырады ( ұлттық киімдер немесе суреттер). Балалар педагогтен кейін жеке, хормен қайталап, сөздерді есте сақтауға, дұрыс айтуға жаттығады.

– Мынау – шапан. –Мынау не?

– Мынау – шапан.

– Мынау – көк шапан.

– Мынау қандай шапан?

– Мынау – көк шапан.

– Ата шапан киді. –Ата не киді?

– Ата шапан киді.

– Мынау – қалпақ.

– Мынау не?

– Мынау – қалпақ.

– Ата қалпақ киді.

– Ата не киді?

– Ата қалпақ киді.

– Мынау – бөрік.

– Мынау не?

– Мынау – бөрік.

– Мынау – тақия. –Мынау не?

– Мынау – тақия.

– Мынау – қамзол. –Мынау не?

– Мынау – қамзол.

– Әже қамзол киді.

– Әже не киді?

– Әже қамзол киді.

– Мынау – мәсі. –Мынау не?

– Мынау – мәсі.

– Ата мәсі киді. –Ата не киді?

– Ата мәсі киді.

Жауапты жеке-жеке айтады.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :28.01

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** 2.Ұлттық киім.

**Мақсаты:** ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. **Дамытушылық міндеті:** зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ұлттық киімдерді, сөйлемдерді қайталайды.

**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық киімдері болатынын

**Қолданады:** тақпақты ынта қойып тыңдап, таныс сөздерді табады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, киіз үйдің макеті, демонстрациялық материалдар, ата және әже қуыршақтары, қима материал, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** қамзол – камзол, шапан – чапан, қалпақ – калпак, бөрік – борик, тақия – тюбетейка, мәсі – ичиги (обувь).

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

##### Шаттық шеңбері

Достар, бері  
келіңдер,  
Қолдарыңды  
беріңдер. Шаттық  
толы шеңберге  
Қуанышпен еніңдер.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

- Сәлеметсіздер ме?!
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қазір қай ай?
- Бүгін аптаның қай күні?

Өткен «Қысқы киім» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Педагог қысқы киімдерінің суреттерін көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең



Педагог: Бүгін біз ата мен әжеге қонаққа барамыз.

Киіз үйдің макеті, ұлттық киімдер (немесе суреттер) қолданылады.  
Ата және әже қуыршақтары. Сәлемдеседі.

– Ата не киген? (*Жейде, шалбар* сөздерін естеріне түсіреді).

Педагог ұлттық киімдер атауымен таныстырады ( ұлттық киімдер немесе суреттер). Балалар педагогтен кейін жеке, хормен қайталап, сөздерді есте сақтауға, дұрыс айтуға жаттығады.

– Мынау – шапан. –Мынау не?

– Мынау – шапан.

– Мынау – көк шапан.

– Мынау қандай шапан?

– Мынау – көк шапан.

– Ата шапан киді. –Ата не киді?

– Ата шапан киді.

– Мынау – қалпақ.

– Мынау не?

– Мынау – қалпақ.

– Ата қалпақ киді.

– Ата не киді?

– Ата қалпақ киді.

– Мынау – бөрік.

– Мынау не?

– Мынау – бөрік.

– Мынау – тақия. –Мынау не?

– Мынау – тақия.

– Мынау – қамзол. –Мынау не?

– Мынау – қамзол.

– Әже қамзол киді.

– Әже не киді?

– Әже қамзол киді.

– Мынау – мәсі. –Мынау не?

– Мынау – мәсі.

– Ата мәсі киеді. –Ата не киеді?

– Ата мәсі киеді.

Жауапты жеке-жеке айтады.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :03.02

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Дене мүшелерінің атқаратын қызметі.

**Мақсаты:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін ажыратып қазақша атайды, жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қайталайды.

**Түсінеді:** сөздерді, қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** сөздер мен сөйлемдерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ұлттық киімдерінің суреттері, қуыршақ, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** дене мүшелері – части тела, сезім мүшелері – органы чувств, көру – видеть, тыныс алу – дышать, есту – слышать, ұстау – держать, сурет салу – рисовать, жазу – писать, жүгіру – бегать, жүру – ходить.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні : 03.02.2022

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Тазалықты сүйеміз.

**Мақсаты:** заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.

**Білімділік міндеті:** тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тазалық заттарын атайды, сөйлемдер құрады.

**Түсінеді:** жұмбақтарды, мақалды түсінеді.

**Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, тазалық заттарының және дене мүшелердің суреттері, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар.

**Сөздік жұмыс:** сүлгі, сабын, тарақ, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** Біз тазалықты сүйеміз. – Мы любим чистоту. сабын – мыло, тарақ – расческа, сүлгі – полотенце, жөке – мочалка, жуамыз – моем, сүртеміз – вытираем, тараймыз – расчесываем.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :17.02

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Таңертең не істейміз?

**Мақсаты:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.

**Білімділік міндеті:** өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді айтады, сөйлемдерді, шағын мәтіндер құрастырады.

**Түсінеді:** тәулік бөліктері туралы ұғымдарды.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, үлестірмелі материалдар, суретті сөздіктер, жұмыс дәптері, айна, қарындаштар, фишкалар. **Билингвалды компонент:** таңертең тұрамын – утром встаю, бетімді жуамын – умываю лицо, тісімді тазалаймын – чищу зубы, жаттығу жасаймын – делаю зарядку, шашымды тараймын – расчесываюсь, киімімді киемін – надеваю одежду, балабақшаға барамын – иду в детский сад.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :18.02

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Ұлттық ыдыстар.

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. **Тәрбиелік міндеті:** ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, ыдыстарды сипаттайды. жаңылтпашты айтады.

**Түсінеді:** ұлттық ыдыстар болатынын түсінеді.

**Қолданады:** сөйлемдерді құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ұлттық ыдыстар немесе суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** ұлттық ыдыстар – национальная посуда, тостаған – тостаган, торсық – торсык, ожау – черпак, тері – кожа.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :24.02

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Ыдыс-аяқ дүкені.

**Мақсаты:** сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.

**Дамытушылық міндеті:** диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сипаттайды, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** ыдыстардың әртүрлі болатынын түсінеді.

**Қолданады:** сөйлемдер құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материал, ыдыстар немесе суреттері, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** ыдыс – посуда, дүкен – магазин, аққұман – чайник для заварки чая, қазан – казан.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні : 25.02

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Азық-түлік

**Мақсаты:** азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ас қадірін білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тағам атауларын қайталап, есте сақтайды.

**Түсінеді:** нені жеп, нені ішетінімізді түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, ойыншық ыдыстар, тағамдар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** ет – мясо, жұмыртқа – яйцо, ірімшік – сыр, қант – сахар, шырын – сок, тағам – еда.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :03.03.

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Асханада

**Мақсаты:** білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту

**Білімділік міндеті:** тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** сыпайы, мәдениетті болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тағам атауларын біледі, сөздерді анық дұрыс айтады, диалог құрастырады.

**Түсінеді:** тақпақтағы сөздерді түсінеді.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, суреттер, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** асхана – столовая, аспаз – повар, пісіреді – варит, күріш – рис, палау – плов, көже – суп.



## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :04.03.2022

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Әжемнің базарлығы.

**Мақсаты:** ұлттық тағам түрлерімен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. **Тәрбиелік міндеті:** тағамдарды қадірлеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдер құрастырады.

**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық тағамдары болатынын түсінеді.

**Қолданады:** тағамдар ішінен ұлттық тағамдарды айыра біледі, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қоржын, суреттер, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** бауырсақ – бауырсақ, құрт – курт, қымыз – кумыс, шұбат – шубат.

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :10.03

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Нан қайдан келеді?

**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** нанды қадірлеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ертегі кейіпкерлерін және олардың іс-әрекеттерің атайды, тақпақта таныс сөздерді табады, атайды, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** нан дастарқанға келу үшін көп еңбек керек екенін түсінеді; **Қолданады:** сөздерді байланыстырып сөйлейді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ертегі иллюстрациялары, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** егінші – хлебороб, наубайшы – пекарь, диірменші – мельник, ұн– мука, бидай – пшеница, сатушы – продавец.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Әжемнің базарлығы» тақырыпты қайталау.

Қима материалмен жұмыс. Ұлттық тағамдар атауларын қайталау. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

– Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме?

Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады. Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.

Ертегі не туралы?

**Жаңа сөздермен таныстыру.**

- Мынау – сатушы. Са-ту-шы.
- Мынау кім?
- Мынау – сатушы.
- Сатушы нан сатады. –Сатушы не істейді?
- Сатушы нан сатады.
- Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.
- Мынау кім?
- Мынау – наубайшы.
- Наубайшы нан пісіреді. –Наубайшы не пісіреді?
- Наубайшы нан пісіреді.
- Мынау – бидай. –Мынау не?
- Мынау – бидай.
- Мынау – диірменші.
- Мынау кім?
- Мынау – диірменші.
- Диірменші бидайдан ұн жасайды.
- Диірменші бидайдан не жасайды?
- Диірменші бидайдан ұн жасайды.
- Мынау – ұн.
- Мынау не?
- Мынау – ұн.
- Мынау – егінші. –Мынау кім?
- Мынау – егінші.
- Егінші егін егеді.
- Егінші не істейді?
- Егінші егін егеді.

Сөздерді балалар жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады.

Педагог і дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады: диірменші, егінші.

**Дыбыстық жаттығу**(айнамен орындалады)

I-i-i-i – егінші – егінші

I-i-i-i – диірменші – диірменші.

Сұрақтар қою арқылы балаларға ертегі мазмұнын қайталату.

- Тышқан қайда келді? Ол не көрді?
- Тышқан не деді?
- Сатушы, нан қайдан келді?
- Наубайшыдан сұра.
- Наубайшы, наубайшы, нан қайдан келді?

Балалар педагогтің көмегімен кейіпкерлер сөзін кезекпен мәнерлеп, диалог құрып қайталайды.

- Егінші қандай адам? (Егінші – еңбекшіл, еңбекқор адам).
- Тышқан қандай? (Тышқан жалқау).

**Қанатты сөз.**

Ас атасы –  
нан, Нан  
атасы –  
дән.

- Қандай тыйым сөз білесіңдер?
- Нанды баспа, ақты төкпе.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :11.03

**Тақырыбы:** Үй жануарлары.

**Мақсаты:** үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету. **Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тындап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** үй жануарлары мен төлдерін атайды, үй жануарлары мен төлдерін топтай алады, «ұ» дыбысын дұрыс айтып жаттығады.

**Түсінеді:** жануарларды қалай шақыруға болатынын түсінеді.

**Қолданады:** зейін қойып тындайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, ойыншықтар, ұнтаспа, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** қошақан – ягненок, лақ – козленок, құлын – жеребенок, бұзау – теленок, бота – верблюжонок.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :17.03

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** «Екі лақ» ертегісі

**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** балаларды татулыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** кейіпкерлерінің іс-қимылын, сөзін интонациямен жеткізе алады, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.

**Қолданады:** ертегіні сахналай алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, үнтаспа, ойыншықтар (үй жануарлары және төлдері), ертегі кейіпкерлері – лақтар, түлкі, қасқыр бейнеленген қалпақтар, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** «Екі лақ» ертегісі – сказка «Два козленка», қойшы – пастух овец

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :07.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Көңілді тапқырлар клубы

**Мақсаты:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.

**Білімділік міндеті:** меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру. **Дамытушылық міндеті:** ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру.

**Тәрбиелік міндеті:** бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** берілген тақырыптар бойынша сөздер атайды.

**Түсінеді:** ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, қима суреттер, жұмыс дәптері. **Билингвалды компонент:** көңілді – веселый, тапқыр – находчивый, қора – сарай.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :08.04.

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Көктем.

**Мақсаты:**көктем мезгіліне байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** табиғаттың әдемілігін көре білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:**көктем туралы сөздерін қайталайды, шағын мәтін құрастырады.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, сөйлемге байланысты суреттерді дұрыс көрсетеді.

**Қолданады:** көктем айларын, көктем мезгілінің өз ерекшеліктері болатынын біліп, оларды айта алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, слайд «Көктем келді», интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** көктем – весна, жылынды – потеплело, ериді – тает, бүршік – почки, наурыз – март, сәуір – апрель, мамыр – май.

### ҰОҚ барысы

#### 1.Ұйымдастыру кезеңі

##### Шаттық шеңбер

Арайлап таң  
атты, Алтын  
сәуле таратты.

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, кең далам!

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

Сәлеметсіздер ме?!

Өткен «Үй және жабайы жануарлар» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Ойын «Кім көп біледі». Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

Слайдпен жұмыс.Суретте көктем мезгілі бейнеленген. **Жаңа сөздермен таңыстыру.**



- Жылдың қай мезгілі бейнеленген?
- Жыл мезгілі – көктем.
- Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. –Көктем айларын ата?
- Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.
- Көктемде күн жылынады. Жылы, жы-лы-на-ды. Күн жылынады.
- Көктемде күн қайтеді?
- Көктемде күн жылынады. –Көктемде қар ериді. Қар ... (ериді)
- Қар қай жыл мезгілінде ериді? –Көктемде қар ериді.
- Көктемде құстар ұшып келеді.
- Құстар қай жыл мезгілінде ұшып келеді?
- Көктемде құстар ұшып келеді.
- Мынау не?
- Мынау – ағаш.
- Ағашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не?
- Мынау – бүршік.
- Ағашта бүршік. Ағашта не?
- Ағашта бүршік.

Жаңа сөздерді, сөйлемдерді балалар жеке, хормен және педагогпен бірге түрлі дауыс ырғағымен қайталайды.

**Дыбыстық жаттығу.** (Айнамен орындалады).

Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік.

Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем.

**Тақпақ оқу,** таныс сөздерді тапқызу.

**Құс**

келді Қар

су боп

жөнелді –

Қалды дала

жалаңаш.

Күн нұрына

кенелді,

Бүршік атып

бар ағаш.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :14.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Көктемгі еңбек.

**Мақсаты:** балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. **Білімділік міндеті:** көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** үлкендер еңбегін құрметтеуге, еңбек етуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдерді құрастырады.

**Түсінеді:** маусымдық жұмыстарды түсінеді.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді, меңгерген сөздермен сөйлем құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар.

**Билингвалды компонент:** аула – двор, отырғызу – сажать, тазалау – чистить (убирать), арық – арык (канава) .

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :15.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Көктем келді, құс келді.

**Мақсаты:** жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Дамытушылық міндеті:** «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерді қайталайды, жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды.

**Түсінеді:** қазақша жыл құстардың атауларын түсінеді.

**Қолданады:** қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып, сөздерді таба алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, суреттер, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** жыл құстары – перелетные птицы, қарлығаш – ласточка, қараторғай – скворец, ұя – гнездо, ұшады – летают, жасайды – делает, қамқор – забота.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбер**

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле

таратты.

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, кең далам!

–Қазір жылдың қай мезгілі?

–Қай ай?

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

«Көктемгі еңбек» өткен тақырыпты суреттер бойынша қайталау.

«Көктемде не істейді?» сұрағына жауап беру. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

## 2. Негізгі кезең

**Жаңылтпашпен таныстыру.** Мағынасын түсіндіру.

Құс қайтты, қыс  
келді, Қыс қайтты,  
құс келді.

Балалар жай, жылдам қайталайды.

Суреттермен жұмыс. **Жаңа сөздермен таныстыру.**

- Көктемде құстар келеді. –Көктемде не келеді?
- Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай.

Мынау не?

- Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).
- Көктемде қараторғай келеді.
- Көктемде қандай құс келеді?
- Көктемде қараторғай келеді.
- Мынау – қарлығаш.
- Мынау не?
- Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.
- Көктемде қарлығаш ұшып келеді.
- Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.
- Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. –Көктемде келетін құстарды қалай атайды?
- Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.

Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.

## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :21.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Армысың, әз Наурыз!

**Мақсаты:** ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдерді түсінеді.

**Түсінеді:** Наурыз мерекесі халықтық үлкен мереке екенін түсінеді.

**Қолданады:** мерекелік құттықтау сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық суреттер, «Құтты болсын, әз Наурыз» әні, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** Наурыз мерекесі – празник Наурыз, наурызкөже – наурызкоже, Наурыз құтты болсын! – С празником Наурыз!, алтыбақан – алтыбакан (қачели).

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

##### Шаттық шеңбер

Қол ұстасып, кәне, біз  
Достасайық бәріміз.  
Қандай жақсы бір тұрып,  
Достарменен бір жүру

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
2. Қай ай?

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Қима материалмен жұмыс. Өткен «Көктем келді, құс келді» тақырыбын суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

Электронды қазақ үйінен «Құтты болсын, әз Наурыз» әнін тыңдату.

–Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы?

–Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені  
достарымызбен бірге тойлаймыз.

Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру.  
«Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл.

Құттықтау:

Наурыз құтты болсын!

Ұлыс оң болсын!

Құттықтау сөздерін балалар қайталап естеріне сақтайды.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :12.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Ертегі әлемі

**Мақсаты:**сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету. **Білімділік міндеті:** зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** қайырымдылыққа, көмек беруге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ертегі кейіпкерлерін атайды, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** сөйлемдерді түсініп, суреттерін көрсетеді.

**Қолданады:** меңгерген сөздерін күнделікті өмірде қолданады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ертегілер иллюстрациялары, қарлығаштың суреті, ертегі кейіпкерлері – қарлығаш, дәуіт, қарға, көкек, жылан бейнеленген қалпақтар, жұмыс дәптері, айна, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** дәуіт – богомол, көмек – помощь, сұрады – просил, қарға – ворона, көкек – кукушка, жылан – змея.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

##### Шаттық шеңбер

Арайлап таң атты

Алтын сәуле

таратты.

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, кең далам!

Қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай? Бүгін аптаның қай күні?

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.

Сәлеметсіздер ме?! Қима материалмен жұмыс. Өткен «Армысың, өз Наурыз» тақырыпты суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

#### 2.Негізгі кезең

Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».

Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтыңдаршы.

Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». *Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.*

Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді.

- Мынау не?
- Мынау – қарлығаш.

Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату.

Суреттер бойынша жұмыс.

- Мынау – Қарға. –Мынау не?
- Мынау – Қарға.
- Мынау – Көкек. –Мынау не?
- Мынау – Көкек.
- Мынау – Дәуіт. –Мынау не?
- Мынау – Дәуіт.
- Мынау – Жылан.
- Мынау не?
- Мынау – Жылан –Қарлығаш көмек сұрады. –Қарлығаш не істеді?
- Қарлығаш көмек сұрады.
- Көмек, кө-мек.
- Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. –Қарлығаш нелерден көмек сұрады?
- Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.
- Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді.
- Көкек не деді?
- «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді.

Қарға не деді?

- «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді.
- Осы істері дұрыс па?
- Қарлығашқа дәуіт көмек берді. –Қарлығашқа не көмек берді?
- Қарлығашқа дәуіт көмек берді.
- Қарлығаш пен Дәуіт дос болды.



## Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :28.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Қандай түстер?

**Мақсаты:** түстерді қазақша айтуға үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, сын есімдерді пайдаланып сөйлем құрайды.

**Түсінеді:** сұрақтарды түсініп жауап береді.

**Қолданады:** түстердің қазақша аталуын қолданады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, суретті сөздіктер, слайд, қима материал, жұмыс дәптері, айна.

**Билингвалды компонент:** қандай? – какой?, қоңыр – коричневый, қара – черный, күлгін – фиолетовый, көгілдір – голубой, қызғылт – оранжевый.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :29.04

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Біз мектепке барамыз.

**Мақсаты:** жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру. **Білімділік міндеті:** сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру.

Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру.

Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** мектеп туралы ұғымдарын кеңейту арқылы білімге деген қызығушылықтарын ояту.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерін айтады, дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.

**Түсінеді:** сөздердің мағынасын түсінеді.

**Қолданады:** сөздерді қолданып, қысқа сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, мектеп туралы бейнематериал, суреттер, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** мектеп – школа, оқиды – учатся, білім – знания, сынып – класс, оқушы – ученик, мұғалім – учитель.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Шаттық шеңбер**

Жабырқауды білмейміз,  
Жалқаулықты сүймейміз.  
Біз талантты жас ұлан,  
Үлгі аламыз жақсыдан.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен

Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Суреттер бойынша өткен «Қандай түстер?» тақырыпты қайталау.

Балалар суреттегі заттарды және олардың түстерінің қандай екенін атайды.

Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.

**2.Негізгі кезең**

Педагог балаларға мектеп жайлы және балалардың жақында мектеп табалдырығын аттайтындарын айтып, әңгіме жүргізеді. Мектепте

балаларды оқытатын адамды мұғалім деп айтатынын айтады. Мектеп туралы бейнематериалды көрсетеді.

**Жаңа сөздермен таңыстыру.**

- Балалар мектепке келді. –Балалар қайда келді?
- Балалар мектепке келді.
- Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не?
- Мынау – мектеп.
- Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?
- Мектепте оқиды, білім алады. –Мынау – оқушы. Мынау кім?
- Мынау – оқушы.
- Мынау – оқушылар. Мынау кімдер?
- Мынау – оқушылар.
- Мынау – мұғалім. Мынау кім?
- Мұғалім.
- Мынау сынып. Сы-нып.
- Мынау не?
- Мынау – сынып.
- Мектепте сынып
- бар. –Мектепте не
- бар?
- Мектепте сынып бар.

Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.

Мектепте сыныптар бар.

Мектепте нелер бар?

Мектепте сыныптар бар.

Сыныпта орындықтар бар.

Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады). **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**

Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы.

І-і-і-і- білім – білім.

Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім.

**Жаңылтпашпен таныстыру.**

Сыныпта ақ  
бор бар, Көк  
бор бар, Көп  
бор бар.

Балалар қатты, ақырын, жай , жылдам қайталайды.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні : 05.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Мектепке не апарамыз?

**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. .

**Білімділік міндеті:** оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту.

Сөздерді бірбірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Тәрбиелік міндеті:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңасөздерін айтады, жаңылтпашты қайталайды, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** оқушыға оқу құралының қажеттігін түсінеді.

**Қолданады:** үйренген сөздерін сөйлем құрауға қолдана алады, сұрақтарға жауап береді. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қоржын, ойыншықтар доп, қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл, кітап, дәптер, қалам, сызғыш, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** кітап – книга, дәптер – тетрадь, қалам – ручка, сызғыш – линейка, қарындаш – карандаш, оқу құралдары – учебные принадлежности.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

– Қайырлы таң, балалар!

«Мектепке енді барамыз» әнін тыңдау.

Мектепке енді  
барамыз, Біз оқушы  
боламыз. Жақсы  
оқып сабақты  
Кілең бестік аламыз.

– Қандай таныс сөздер бар?

Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды: мектеп, оқушы.

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен

Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Ойын: «Кім көп біледі». Суреттер бойынша өткен «Біз мектепке барамыз» тақырыпты қайталау. Балалар әрбір айтқан сөз үшін фишка алады. Ойын соңында фишка көп жинаған бала жеңімпаз аталады. **2Негізгі кезең**

Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қоржын».

Балалар кезекпен ойыншықтарды алып, атайды: Мынау – доп. Доп – ойыншық. (Қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл).

Педагог қоржынан оқу құралдарын алып, жаңа сөздермен таныстырады.

- Мынау – кітап, кііі-тап. Мынау не?
- Мынау – кітап.
- Кітап – оқу құралы. –Кітап не?
- Кітап – оқу құралы.
- Оқушыға кітап керек.
- Оқушыға кітап керек пе?
- Оқушыға кітап керек.
- Оқушы кітап оқиды. –Оқушы не оқиды?  
Оқушы кітап оқиды.
- Мынау – қалам, қа-лам.
- Мынау не?
- Мынау қалам.
- Қалам – оқу құралы.
- Қалам – не?
- Қалам – оқу құралы.
- Оқушыға қалам керек.
- Оқушыға қалам керек пе?
- Оқушыға қалам керек.
- Мынау – сызғыш, сыз-ғыш. Мынау не?
- Мынау – сызғыш.
- Сызғыш – оқу құралы. –Сызғыш не?
- Сызғыш – оқу құралы.
- Оқушыға сызғыш керек.
- Оқушыға сызғыш керек пе?
- Оқушыға сызғыш керек.
- Мынау – дәптер, дәп-тер. Мынау не?
- Мынау – дәптер.
- Дәптер оқу құралы. –Дәптер не?
- Дәптер оқу құралы.
- Оқушыға дәптер керек.
- Оқушыға дәптер керек пе?
- Оқушыға дәптер керек.
- Оқушы дәптерде жазады.
- Оқушы дәптерде не істейді?
- Оқушы дәптерде жазады.
- Мынау – қарындаш. Мынау не?
- Мынау – қарындаш.

- Қарындаш – оқу құралы. –Қарындаш не?
- Қарындаш – оқу құралы.
- Оқушыға қарындаш керек.
- Оқушыға қарындаш керек пе?
- Оқушыға қарындаш керек.
- Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш – оқу құралдары.

Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :06.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Оқушыға не керек?

**Мақсаты:** сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру.

**Білімділік міндеті:** сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді байланыстырып сөйледі, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, 2-3 сөзден сөйлем құрастырады.

**Түсінеді:** сөйлемді түсініп сәйкес суретті көрсетеді.

**Қолданады:** сөздерді байланыстырып сөйлей алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, оқушының рюкзасы, оқу құралдары, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** желім – клей, сурет дәптері – тетрадь для рисования, қылқалам – кисточка, қайшы – ножницы, сурет салады – рисуют, қағаз қияды – режут бумагу.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :12.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Дыбыстар әлемі

**Мақсаты:** меңгерген білім дағдыларын қайталау, бекіту;

**Білімділік міндеті:** Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту.

**Дамытушылық міндеті:** есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** дыбыстарды естіп ажырата алады.

**Түсінеді:** тапсырмаларды түсінеді.

**Қолданады:** қазақ тіліне тән дыбыстары, сөздерді дұрыс айта біледі.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** дыбыстар – звуки.

### ҰОҚ барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен

Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?!

Суреттер бойынша өткен «Оқу құралдары» тақырыпты қайталау.

Ойын «Алтын сақа сөз жинайды» өткен сөздерді қайталау, бекіту.

Балалар әрбір айтқан сөз үшін фишка алады. Ойын соңында фишка көп жинаған бала жеңімпаз атанады.

#### 2.Негізгі кезең

– Сендер жұмбақ білесіңдер ме? Білетін жұмбақтарын

естеріне түсіру. –Бүгін ерекше жұмбақ шешеміз.

Жұмбақтың шешуі – дыбыстар.

Жұмбақ жасыру. Педагог сөздегі тиісті

дыбысты созып оқиды.

Әкеңде бар, Атаңда жоқ.

Тәтеңде бар, Апаңда жоқ.

(Ә)

Жоқта

бар,

Барда

жоқ.

Шоқта

бар,



Талда  
жок.

(K)

Күнде  
бар,  
Айда  
жок.

Түнде бар,  
Таңда жок.

(Y)

**Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы**

**даярлық топ**

**Күні :14.05**

**Пән .Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** Не? Кім? Қайда?

**Мақсаты:** өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау.

**Білімділік міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру.

**Дамытушылық міндеті:** ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** білімпаздыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді айтады.

**Түсінеді:** Не? Кім? Қайда? сұрақтарын түсініп, орынды қолданады.

**Қолданады:** сұрақтарға сөйлеммен жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, ғажап шеңбер, қима суреттер, жұмыс дәптері.

**Билингвалды компонент:** шеңбер – круг, ғажайып – удивительный, ұпай – очко, жеңіс—

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :19.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жайлауда

**Мақсаты:** тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру.

**Білімділік міндеті:** жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** туған жердің табиғатының сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** тақпақтан таныс сөздерді түсініп, табады.

**Қолданады:** сөйлемді ретімен құрайды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, қима материал, сурет «Жайлау», жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** табиғат – природа, жайлау – жайлау, таулар – горы, өзен – река, шөп – трава, салқын – прохладно, таза ауа – свежий воздух, жайылады – пасутся, киіз үй – юрта.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :19.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Киіз үй.

**Мақсаты:** киіз үй жабдықтарының қазақша атауларымен таныстыру.

**Білімділік міндеті:** киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** сөздерді байланыстырып сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

**Тәрбиелік міндеті:** ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерді, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** киіз үйде қазақ ұлттық заттар болатынын түсінеді.

**Қолданады:** қазақ ұлттық заттарды таниды, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, «Киіз үй» суреті, ұлттық бұйымдар немесе суреттері, ұнтаспада домбыра күйі, жұмыс дәптері, айна. **Билингвалды компонент:** киіз үй – юрта, сандық – сундук, сырмақ – сырмак, алаша – алаша, жүн – шерсть, домбыра – домбра.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :20.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** 1.Әжемнің оюлары.

**Мақсаты:** қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру;

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт- дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** өнерді түсінуге, салт-дәстүрді құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ою атауларын қайталап естеріне сақтайды, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** қазақ ұлттық бұйымдардың қазақы ою-өрнектерімен өрнектелетінін, олардың әртүрлі болып келетінін түсінеді.

**Қолданады:** оюларды атап, қолдана алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, тақырыпқа байланысты мазмұнды сурет, ұлттық бұйымдар немесе суреттері, ою-өрнек үлгілері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** ою – орнамент, гүл – цвeтoк, қошқармүйіз – бараний рог, тұмарша – амулет, балта – топор, кең дала – широкая степь.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :20.05

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** 2. Әжемнің оюлары.

**Білімділік міндеті:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт- дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.

**Дамытушылық міндеті:** қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** өнерді түсінуге, салт-дәстүрді құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** ою атауларын қайталап естеріне сақтайды, мәтінді қайталайды.

**Түсінеді:** қазақ ұлттық бұйымдардың қазақы ою-өрнектерімен өрнектелетінін, олардың әртүрлі болып келетінін түсінеді.

**Қолданады:** оюларды атап, қолдана алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, тақырыпқа байланысты мазмұнды сурет, ұлттық бұйымдар немесе суреттері, ою-өрнек үлгілері, жұмыс дәптері, фишкалар.

**Билингвалды компонент:** ою – орнамент, гүл – цвeтoк, қошқармүйіз – бараний рог, тұмарша – амулет, балта – топор, кең дала – широкая степь.

## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні :18.03

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Аулада

**Мақсаты:** балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. жетілдіру.

**Білімділік міндеті:** Әңгімені балаларға түсіндіру барысында сөздік қорларын ,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілетін дамыту.

**Дамытушылық міндеті:** сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ү» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** Ауыл, қала туралы түсінік беру.Үлкендерді сыйлай білугетәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдерді құрастырады.

**Түсінеді:** маусымдық жұмыстарды түсінеді.

**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді,меңгерген сөздермен сөйлем құрайды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, демонстрациялық материалдар, интербелсенді тақта, жұмыс дәптері, қарындаштар.

**Билингвалды компонент:** аула – двор, отырғызу – сажать, тазалау – чистить (убирать), арық – арык (канава) .

## **Тәрбиелеу -білім беру процесесінің циклограмасы**

**даярлық топ**

**Күні :01.04**

**Пән .Қазақ тілі**

**Тақырыбы:** « Қазақстан барысы» ертегісі.

**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету.

**Білімділік міндеті:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** балаларды татулыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** кейіпкерлерінің іс-қимылын, сөзін интонациямен жеткізе алады, диалогке қатысады.

**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.

**Қолданады:** ертегіні сахналай алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:**

**Билингвалды компонент:** Бүркіт, Аю, Барыс, кейіпкерлер, « Қазақстан барысы» ертегі.



## Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограмасы

даярлық топ

Күні : 31.03

Пән .Қазақ тілі

**Тақырыбы:** Жабайы жануарлар.

**Мақсаты:** жабайы жануарлар туралы білімдерін кеңейту.

**Білімділік міндеті:** балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік беру, білімдерін молайту, жануарлардың түрлерін ажырата білуге үйрету.Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.

**Дамытушылық міндеті:** балалардың қызығушылығын тудырып, ой өрісін, белсенділігін, сана-сезімін, өзін-өзі ұстауын дамыту.

**Тәрбиелік міндеті:** жабайы жануарларға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:**сұрақжауап, сөзін интонациямен жеткізе алады, диалогке катысады.

**Түсінеді:**жабайы жануарлар туралы түсінеді .

**Қолданады:** ертегіні сахналай алады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** слайд, жабайы жануарлар туралы суреттер, ойын, жұмбақтар.

**Билингвалды компонент:** Аю, қоян, түлкі,қасқыр, жолбарыс, арыстан